

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми
журнал

2014, №4 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2014, №4 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2014, №4 (1)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ШЫҢҒЫСХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ИСЛАМ

Жеңіс Жомарт

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан Республикасы, Алматы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

E-mail: zhzhengis@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының діни көзқарастары, олар құрған мемлекеттердегі мемлекеттілік пен діннің тарихи сабақтастығы қарастырылады. Автор түркі-моңғолдардың дүниетанымы түркі мемлекеттілігінің кейінгі қалыптасуы мен дамуына әсер еткенін көрсетеді. Мақалада жаңа әдістемелерді қолдана отырып, автор түркі-моңғолдардағы мемлекеттіліктің құлдырап, трансформациялануына да діни факторлардың ықпалын айқындайды.

Кілт сөздер: түркілер, моңғолдар, мемлекеттілік, Шыңғыс хан, дәстүрлі дүниетаным, ислам, өркениет.

РЕЛИГИОЗНЫЕ ВЗГЛЯДЫ ЧИНГИСХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ И ИСЛАМ

Женис Жомарт

Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы)

Кандидат исторических наук, доцент

E-mail: zhzhengis@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются религиозные взгляды Чингисхана и его потомков, а также историческая преемственность государственности и религии в созданных ими государствах. Автор показывает, что мировоззрение тюрко-монголов повлияло на последующее формирование и развитие тюркской государственности. Используя новые методологии, автор также определяет влияние религиозных факторов на упадок и трансформацию государственности у тюрко-монголов.

Ключевые слова: тюрки, монголы, государственность, Чингисхан, традиционное мировоззрение, ислам, цивилизация.

THE RELIGIOUS VIEWS OF GENGHIS KHAN AND HIS DESCENDANTS AND ISLAM

Zhenis Zhomart

Al-Farabi Kazakh National University (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

E-mail: zhzhengis@gmail.com

Abstract. The article examines the religious views of Genghis Khan and his descendants, as well as the historical continuity of statehood and religion in the states they established. The author demonstrates that the Turco-Mongol worldview influenced the subsequent formation and development of Turkic statehood. Employing new methodologies, the author also identifies the impact of religious factors on the decline and transformation of statehood among the Turco-Mongols.

Keywords: Turks, Mongols, statehood, Genghis Khan, traditional worldview, islam, civilization.

Кіріспе

Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының мұсылман әлеміне жасаған жеңісті жорықтары жайлы ортағасырлық авторлардың еңбектерін талдау барысында тарих ғылымында екі ұдай көзқарас қалыптасты. Өкінішке орай, түркі-көшпенділер өркениетіне шекеден қаратқан еуроцентристік көзқарас осындай жан-жақты қарауды талап ететін тарихи оқиғаларға баға берер тұста өз ыңғайларына бұра тартып, Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының жорықтарынан тек бақытсыздықтар мен артқа кетушіліктерді ғана көреді. Тіпті, осы қасаң көзқарас мәселеге байыпты қарағысы келгендердің бағытын басқа арнаға бұрып, болған оқиғалардың өңін айналдыра көрсетіп, тарихи қиянат жасайтыны үйреншікті үрдіске айналды. Осындай қайта бағалауды талап етіп отырған Шыңғысхан жорықтарына қатысты тарихи мәселелердің бірі – Ұлы Қаған мен оның ұлдарының дүниетанымдық көзқарасы мен олардың ислам дініне қатысы.

Өткен ғасырдағы атеистік бағытты бетке ұстаған кеңестік идеологияның екпіні тарих ғылымын да айналып өткен жоқ. Тарих ғылымында тарихи процестерге діннің ықпалын елемей үрдісі етек алды. Ал, Шыңғысханның дінге қатысы мүлде ескерілмеді. Егер оның қандай да бір дінге бет бұрғаны байқалса бұны тек моңғолдардың саяси қитұрқылығы деп есептеді. Өйткені олардың пікірінше “дала жабайылары” мен дамыған діни формалар еш қисынға келмейтін қарама-қайшы ұғымдар болып есептелді. Осы саясаттың нәтижесінде көпшілік Шыңғысханды көбінесе ислам әлемінің жауы, мұсылмандардың дұшпаны ретінде де танитын болды.

Сондықтан да, Ұлы Қаған мен оның ұлдарының діни дүниетанымдық көзқарастарын шынайы бағалау ғылыми тұжырымдардың дәйекті болуына өз ықпалын тигізері анық. Жалпы, тарихи мәліметтерде моғол-түркі жаулап алушыларының өздері басып алған жерлердегі жергілікті халықтардың діни сенімдеріне, әсіресе ислам дініне қысым көрсету фактілері кездеспейді. Керісінше, ислам діні мен мұсылмандарға моңғол-түркі билеушілері тарапынан көбінесе іш тартушылық пен қамқорлықты байқауға болады. Мысалы, наймандардың билеушісі Күшлік хан (ол өзінің әйелінің (гурханның қызы) ықпалымен өзінің бұрынғы христиан дінін өзгертіп, будда дініне кірген) қол астындағы басқа діндегілерді буддизмге күштеп енгізіп қудалағанда әсіресе, бұл саясаттан Қашғар мен Хотандағы мұсылмандар қатты зардап шекті. Күшлік хан бұл аймақта Құранға, намаз оқуға, азанға, мұсылман киіміне, медреселерге тиым салды. Мұсылмандар қарақытай киімі мен бас киімін киіп жүруге тиіс болды. Бұдан соң Күшлік хан өз иелігінде ислам дініне тағы бір соққы бергісі келді де сенімдеріне ақау келтіру үшін мұсылман дін басыларын жинады. Үш мыңға тарта көрнекті мұсылман имамдары, аскеттер, факихтар жиналып, ислам дінінің ақиқаттығын дәлелдемекші болды. Бірақ, мұсылмандардың үміті ақталмай, керісінше, мұсылмандар жетекшісі имам шейх Ала-ад-дин Мұхаммед ал-Хотани Күшлік ханның бұйрығымен зынданға тасталады. Тарихшы Рашид ад-диннің баяндауынша: сонда адамдар намазға тұрды (және) күтпеген жерден жәбірлеушілердің намаздарының жебесі (оның) нысанасына дәл қадалды және бұл жауыз—дінсіздің қуылуы, әлемді жаулап алушы әскердің әміршісі Шыңғысхан арқылы іске асты—ол көптеген әскерімен батысқа жылжыдың [1, 183] деп, Шығыс Түркістан мұсылмандарын дінсіз билеушіден құтқарушы функциясын Шыңғысханның іске асырғанына назар аударады.

Азербайжан тарихшысы З.Буниятовтың айтуынша осы аймақтағы мұсылмандардың қорғаны болуы тиіс Хорезмшах Мұхаммедтің көз алдында болып жатқан мұсылмандарды қорлауға жол беруі таңданыс туғызады. Ең таңданарлығы мұсылман әлемін будда дініндегі Күшлік ханнан құтқарушы будда дініндегі моңғол Шыңғысхан болғаны [2, 131]. Әрине, егер Шыңғысхан армиясының жауынгерлерін будда дінінде деп алсақ, онда шынында да таңқаларлық жағдай болар еді. Ал, түркі-моңғолдардың сол дәуірде Тәңірі сенімінде болып

будда дінін тек XVI ғасырда ғана мемлекеттік дәрежеге көтергенін ескерсек онда бұған таңқалудың еш реті жоқ.

Тарихи дереккөздерді талдау барысында Шыңғысханның мұсылман түркілерге айрықша озбырлығын байқауға болады. Оның себебі түсінікті де—түркілердің көне қарсыласы Иран мен парсы-тәжіктік мәдениет сонау Афрасияб тұсынан бері талай мәрте түркілердің шабуылдарын бастан кешсе де дәстүрлі Иран-Тұран шегарасы болып табылатын Амудариядан әрі өтіп, енді жалдамалы түркілерді өздеріне одақтас ете, түркілер еліне ішкерілей ене бастады. Түркі-моңғол шапқыншылығының алдында түркі, ең алдымен қыпшақ элементтері Орта Азияға енуі күшейді. Бұл хорезмшах армиясындағы қыпшақ контингенттері еді. Хорезмшах Мұхаммедтің шешесі Теркен қатын өзінің төңірегіне оғыз-қыпшақ аристократиясынан шыққан баяут немесе урани тайпасының қыпшақтарын топтастыра бастады. Бұл Хорезмнің түркіленуінің күшейе түсуіне көп әсер етті. XII ғ. ортасында XIII ғ. басында шығыстан қара қытай, қарлық т.б. Ертіс маңайы мен Жетісудан түркілер ағыны кіре бастаған болатын. Олардың көбісі хорезмшах әскерінде қызмет етті. Осы орайда жаңа жерлерге келген түркілер өздерінің түркілік тегінен алшақтап, отырықшы мәдениетті бойларына сіңіруі заңды құбылыс. Олар өздерінің түркілік тегін сақтай білгенімен, бәрібір көне түркілік рухтың бірден-бір мұрагерлері—Орталық Азиядан келуші моңғол-түркілерге қарағанда, парсы-соғдылық мәдениеттің элементтерін бойларына сіңіріп үлгеріп, отырықшы дәстүр мен төл дәстүрдің синтезін қалыптастырып, өзгеріске ұшырай бастаған болатын. В.Трепавловтың айтуынша «түркі-моңғолдық бірлік идеясы Мауреннахрға келгенде жүрмеді [3, 54]. Моңғолдардың Орта Азияны жаулап алу оқиғаларына мұқият зер салсақ, Шыңғысхан әскеріне қарсылықты бәрінен бұрын осы түркі сарбаздары көрсетеді. Көбінесе қаланың дарбазасын ашып берушілер мұсылман дін басылары. Ал Иран жеріндегі қалалардың қақпасын ашып беретін, тіпті моңғолдарды қошеметпен қарсы алатын түркілер моңғолдардың озбырлығын көрмеді десе де болады. Біздің пайымдауымызша, егер осы қалалардағы түркілер, немесе Кавказдағы қыпшақтар әу баста-ақ моңғолдармен келісім жасап, одақтаса біліп, жалпы түркілік мақсатқа жұмыла білгенде қиратулар мен қырып жорлардың алдын алған болар еді.

Шыңғысхан мен оның ұрпақтары жорығының бас айналдырар табыстарға жетуіне, біздіңше, моңғол-түркі жауынгерлерінің олардың дүниетанымымен байланысты берік рух пен діншілдіктері себеп болған сияқты. Көрнекті орыс философ-тарихшысы Н.Трубецкойдың дұрыс байқағанындай “....Шыңғысхан мемлекетінің тағы бір маңызды ерекшелігі ол осы мемлекеттегі дін жағдайына байланысты. Терең діни сенімге те бола отырып, өзінің жеке басын Жаратушымен байланыстыра отырып, Ұлы Хан бұл қасиетті өзіне бағынышты тобырдан да көргісі келді. Өз борышын қорқынышсыз, бұлжытпай орындау үшін жауынгер сенімді түрде теориялық жағынан емес, интуитивті түрде жан-тәнімен тағдырының әлемдегі басқа да адамдардың тағдыры сияқты жеке адамның қолында емес, мәңгі биік, талқылауға келмейтін Құдай қолында екендігіне сену аса маңызды болды. Тәртіпті жауынгер өз бастығына сөзсіз бағынады, Бірақ, ол өзіне деген құрметті де аяқ асты етпейді. Ол іс жүзінде материалды, дүнияуи байлық пен жалған намысқа бас ұратын құлдық психологиядан ада еді. Шыңғысханда өз қағандығындағы осындай шынайы діншіл жауынгерлерін бағалай білді” – [4, 236] деп түйіндейді. Біздіңше моңғол-түркілердің дүниетанымына бұдан артық баға беруге болмас. Дәл осы діншілдік олардың ислам әлеміндегі саяси жеңістеріне себепші болды. Дегенмен Н.Трубецкой қалай болғанда да моңғол-түркілердің қандай нанымда болғандығын айтпай, мәселені ашық қалдырады – “....Ол өз бағыныштыларына догматикалық, дәстүрлермен әдептелген қандай да бір дінді күштеп таңбады. Міне, сондықтанда оның мемлекетінде ресми дін болмады. Ал, өзі қарапайым дін-шамандықты ұстанып, соған сенді” . Оның қарапайым сенім деп аса назар аудармай отырған осы “шамандық” наным олардың империясында басқа әлемдік діндермен қақтығысқа келмей, керісінше, қатар дамуына септігін тигізді. Басқаша айтқанда, олардың

Тәңірі сенімі басқа әлемдік діндердің қатар орналастыра алатын терең де, мықты іргетас болды. Шыңғыс хан үнемі “барлық төрт пайғамбарды (Будда, Мұса, Иса, Мұхаммед) құрметтеймін және сыйлаймын. Осылардың қайсысының шын екенін айтыңдаршы, сол маған жақын болсын” деп барлық дінге бірдей көзқарас ұстану үрдісі оның ұрпақтары кезінде де ұзақ уақыт сақталып қалды. Мысалы Ирандағы ильхандар өз ата-баба сенімі—Тәңірі дінінде қала отырып, христиан дініне кіргенмен, бәрібір ұзақ уақыттар бойы өздерінің дәстүрлі сенімдерінен ажырамады. Кейбір Хулагу монеталарында аң-құс: құстар, барыс, қоян, ат, ит бейнелері кездеседі. Табризде басылған Арғын хан теңгесінде қанатын жайған құс, және оның артына шуағын шашқан күн бейнеленген (Қазақстан Республикасы туының бейнесіндей). Аң, құс мотиві арқылы түркілік он екі ай циклін белгілеген. Мұндай теңгелерде хиджра белгіленбейді. Рашид ад-дин шығармаларында да хиджра жылымен қатар түркілік жылдар аты да берілгені де ескі сенімнің өміршеңдігін көрсетсе керек.

Шыңғысхан әскеріндегі моңғол-түркі құрамаларының наным сенімдері бір ыңғай болды. Моңғолдар мен түркілердің діни көзқарастары олардың ортақ аталары кезінде-ақ пайда болды. Бұған моңғолдардан бұрынырақ өз мемлекеттілік дәстүрі болған көне түркілердің өздерінің мәдениетін, дінін мемлекеттік ретінде шеткі аймақтарға таратуы да өз әсерін тигізбей қоймады.

Моңғол-түркілердің негізгі табыну нысаны – Аспан – табиғат күшінің жоғарғы өкілі, Ұлы құдай, өмір көзі болып саналды. Тәңірі – аспан кейде жерге таңдаулы бір нәрсе жібереді, ұлы бір іс істейді. Моңғолдардың сенімінше, аспан адамның барлық іс әрекетін көріп, бақылап отырушы. Ал, адам еш уақытта осы бақылаудан тыс қалып, өзінің теріс әрекеттері үшін болатын әділ соттан құтыла алмайды [5].

Тәңірі (аспан) сөзін Шыңғыс хан грамоталарында Ұлы құдай, халықтар мен олардың билеушілердің тағдыры сұралатын құдірет түрінде кездестіреміз. Моңғолдар өз грамоталарын әрқашан «мәңгі аспан күшімен» [5] деп бастады. Бұл дәстүр мұсылмандардың әр-түрлі жазба материалдарын «мейірімді де рахымды Алла атымен бастаймын» деген исламдық дәстүрмен бастауымен сабақтас екенін көреміз.

Жалпы, түркі-моңғолдар сеніміндегі Тәңірі мен мұсылмандардың Алла тағаласының қасиеттерінің ұқсастықтары көзге ұрып тұрады. Бұл туралы кезінде моңғолдардың дүниетанымы жайлы зерттеулер жүргізген Б.Банзаров та “Азия мен Еуропаның көне халықтарының мифологиялық жүйесімен салыстырсақ, онда қара сенімнің басқалармен керемет ұқсастығын байқар едік, бірақ бұл ұқсастықтар халықтардың жақындауынан пайда болған жоқ – бұл ұқсастықтар кездейсоқтық деп мойындайды. Біздіңше, осы кездейсоқтықтың өзі Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының санасында үлкен өзгерістерге негіз болып, олардың жаңа – ислам дінін қабылдауына ықпал етті. Бәрібір ислам мен Тәңірі сенімін жақын еткен ең басты фактор, ол Тәңірі мен Алла тағалла паралелдері болды. Екі түрлі атауға ие бір ұғымның ортақ сипаты – құдіреттілігі. Түркі-моңғолдарда Тәңірі-Аспан негізгі сенім нысаны болып қала береді. Моңғолдарда Тәңірі-аспан – барлық рухтардан жоғары, қосымша рухтар оның еркінің құралы, өз мақсатына пайдаланатын күші болып табылды. Мұны ислам дініндегі періштелер мен Алла тағала ұғымдарының ара қатынасымен салыстыруға болады. Түркі-моңғолдар сенімінше Тәңірінің билігі мен құдіреті шексіз. Мысалы, Темучин меркіттерді талқандаған соң өз айналасындағыларға:

Tenggeri qajar-a gugu nemekdeju.

Evketu tenggeri nevexitcu

Eke etugen-e guvgeju

Яғни:

Аспан мен жер біздің күшімізді көбейтті.

Құдіретті Тәңір шақырды, ал Жер–Ана Этуген – кеудесіне көтерді-дейді.

Тағы бірде—Tenggeri qajav-a gugu nemekdeju.

Savta‘ue ivden-i edui dovoxita‘ueuqsan-tur [6].

Яғни:

Аспан мен Жер күшімізді көбейтіп, біз сартаул халқын талқандадық.

Түркі-моңғолдар ұғымында Тәңірі де Алла тағала сияқты мәңгілік сипатқа ие—Mongke tenggeri-yin qusun-tur tenggeri qajav-a gugu auqa nemekdeju qur ueus-i siduvqutqaju qaqca jieua-duviyan ovo‘ueuqsan-tuv.

Яғни: Мәңгі Тәңір күшімен, Аспан мен жер [менің] күшімді молайтты, [мен] империя құрдым және оны өзімнің біртұтас елді алып жүрдім [5]. Ал, Құранда Алланың мәңгілігі жайлы: “Алла (т) мен бірге басқа тәңір шақырма! Одан басқа еш бір тәңірі жоқ. Оның өзінен басқа әр нәрсе жоқ болады [Қаса:87]. Немесе “Ол Алла, әуелгі әрі соңғы,” [Хадид:3] деп келетін аяттар келтірілген.

1206 жылы құрылтайда “Ұлы Яса” жарияланып, бекітілді. Осы Ясада біз моңғол-түркілердің салт-дәстүрінен, ислам шариғатымен ортақ тыйымдарды кездестіруге болады. Яса бойынша зинакорлар, сиқыршылар, өтірік куәлар, өлім жазасына кесілді. Діндер арасына іріткі салуға тиым салынды. Сондай-ақ дінге сенушілерге айрықша жағдай жасалды. Мұсылмандар, елшілер, ғалымдар, құран оқушылар, қазилар салықтан босатылды. Өлтірілген адам үшін құн төлеуге болады деп қабылданды—әрбір өлтірілген мұсылман үшін қырық алтын ақша, қытай үшін бір есек жеткілікті болды. Сонымен бірге, Ұлы Яса арақ пен шарабқа қарсы болды: Арақ пен шарабтан ақыл мен өнерге еш пайда жоқ. Арақ ішкен адамда жақсы қасиет пен әдет қалмайды. Арақ пен шараб ішкен билеуші ұлы істер мен ұлы ойларын іске асырмайды. Егер қарапайым адам арақ ішсе, онда ол бүкіл қолында барын, дүниесін ішеді деп, нрасында олар оны айырбастап алғанға (Алланың кітабының орнына сиқыр үйренгенге) ақиретте несібе жоқтығын білді. Егер олар иман келтіріп (сиқырдан) сақтанса, әрине Алла жағынан қайырлы сауап болар едің немесе, нәй мүміндер! Арақ, құмар, тігілген тастар (бұттар) және бал ашу, шайтанның істерінен. Негізінен шайтан, арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып Алланы еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тиылмайсыздар ма?ң, нЗинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғындар, егер Аллаға, ақирет күніне сенсеңдер оларға жұмсақтықтарың ұстамасынң, деген Құран Кәрімнің қасиетті аяттарымен өз үндестігін тауып жатты.

Шыңғысхан мен оның әулетінің Тәңірдің қалауымен келген билігінің ресми бекітілуі, мұсылман елдерінде құран аяттарымен ұқсастықты шебер пайдалану нәтижесінде одан әрі бекітіле түсті. Мысалы, Хулагу хан (1259-1260) кезінде шыққан ильхан мемлекеті монеталарында бұл былайша көрініс тапты. Монета ортасында бес жолды куфийлік жазу орналасып, онда Мөңке хан мен Хулагуханның аты келтірілді. Монетаның ішкі және сыртқы шеңберінде – Айт, О Алла! Сен патшалықты кімге қисаң соған бересің, кімді қаласаң соны бай қыласың. Кімді қаласаң соны кедей қыласың. Барлық жақсылық сенің қолыңда— деген концентрикалық куфий жазуымен құран аяты жазылды. Бұл жерден бір-бірімен қайшылықсыз екі дүниетанымның жымдаса, ымыраласа қатар орналасуын байқаймыз.

Шыңғысханның Ирандағы ұрпағы Қазанның исламды қабылдап, осы елде реформалар жүргізгеннен кейінгі басылған монеталардың бет жағында алты жол жазу болды. Үшінші жол жазу араб тілінде—Қазан Махмуд деп жазылған, ал қалған бес жол жазу ұйғыр алфавитімен «Тангриун (кучундур) газану (делеткейлук)» яғни «Тәңірдің күшімен Қазан бастырды». Ал монетаның келесі жағында «ля иллаха иллала» деген ислам сенім белгісі жазылған [7,50]. Қазан қайтыс болған соң да таққа отырған Олжайту сұлтан кезінде ислам күшейе түсті. Сонда да «тәңірінің күшіменң бастырылған теңгелер басыла берді. Қазан хан реформасынан соң монеталар Ұлы Хандар атынан емес сол кездегі грамоталарда «монге тангриун кучундур»—«мәңгі Тәңір күшімен» сөзімен басталады. Бұл Алланы жалғыз Жаратушы деп танитын ислам қағидасымен ұқсастықтың, моңғолдардың исламды қабылдауына негіз болған ортақ негізгі ұқсастық еді

Техран музейінде сақталған Арғұн және Абу Саиид ильхандардың жарлықтарының үзінділерінің арасынан табылған фрагментте:

Monke tngri-yin kucun-dur
 Muhammad baiyambar-un imad-tur
 yeke su yari-yin igegen-dur
 Мәңгі Тәңірі күшімен
 Мұхаммед пайғамбар көмегімен
 ұлы береке жалынының қолдауымен [6, 216].

Исламның дәстүрлі қарсыластарының Шыңғыс ұрпақтарын мұсылмандарға қарсы айдап салулары да айтарлықтай нәтиже бермеді. Вассафтың айтуынша Ирандық Шыңғыс ұрпағы, Хулагу ханның еврей уәзірі Са'ад ад-доул ильханның көзқарасын адастыру үшін Шыңғысханды пайғамбар болған деп жариялады Ол Ильханға Мұхаммед пайғамбарды мойындамай одан бөлек әлемдік діннің негізін салуды ұсынады. Ал, Шыңғысхан Ясасын “Касиетті кітап” дәрежесіне көтеруге ұсыныс жасады. Бірақ, ол бұл ұсынысын ильхан тарапынан мойындатпақ түгілі өз өмірімен қоштасуға мәжбүр болды. Тағы бір иудей уәзірі, көрнекті тарихшы, Қазан ханның уәзірі болған Рашид аддин де Шыңғыс ұрпақтарының дүниетанымына айтарлықтай әсер ете алмады.

Қытайдан басқа аймақтарда билік құрған Шыңғыс ұрпақтарының дені уақыт өте келе ислам дінін қабылдап, өз мемлекеттерінде бұл дінді мемлекеттік дәрежеге жеткізді. Өздерінің түркі-моңғолдық есімдерін исламдық аттармен ауыстырған олар шын мәнінде исламның жаужүрек жауынгерлеріне айналды. Бірақ, бұл аяқ астынан бола салған кездейсоқ процесс болмады. Тәңірі сенімі мен ислам діні қағидаларының өзара жақындығы олардың жаңа дінді жатсынбай қабылдауларына игі ықпал етті. Бұдан түркі-моңғолдар ұтылған жоқ. Керісінше, өзінің идеологиялық қуатын сарыққан, көптеген Түркі мемлекеттеріне идеялық тірек болған Тәңірі сенімі, енді ислам деп аталатын жаңа діннің атымен қайта жаңғырып, жаңа түркі мемлекеттерінің рухани темірқазығына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рашид ад-дин. Сборник, 1 том. 2-книга. –Москва, Изд-во АН СССР. –222с.
2. Буниятов З.М. Государство хорезмшахов-ануштегинидов 1097-1231гг. -АН АзССР, Москва: Наука, 1986. – 231с.
3. Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империй XIIIв. Проблемы исторической преемственности. -Рос АН. Институт Росс.ист. -Москва: Наука, изд.фирма нВост.литн,1993. –278с.
4. Трубецкой Н.С. Наследие хингиз хана. –Москва, -Аграф. 2000. -560с.
5. Жеңіс Ж.Ж. түркілердің Тәңірі сенімі және ислам. Ұлт тағлымы. 1998, N4, 23-346.
6. Жеңіс Ж.Ж. Ирандағы Ильхандар мемлекетіндегі сәулеттегі түркілік сарын //Яссай университеті. N3, 2002, 81-8866.
7. Жеңіс Ж.Ж. Түркілердің дәстүрлі билік жүйесі мен исламдағы басқару принципі. А.Х.Қасымжановты еске алуға байланысты әл-Фараби -атындағы ҚазҰУ-де өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2001, 78-85

МАЗМҰНЫ

Атыгаев Н.А.	
РЕЗА АББАСИ МҰРАЖАЙЫНДАҒЫ СЕФЕВИД КЕЗЕҢІ ҚОЛЖАЗБАСЫНДАҒЫ АСА ҚЫЗЫҚТЫ МИНИАТЮРА ЖАЙЫНДА (ИИР, ТЕГЕРАН)	8
Егізбаева М.Қ.	
ТАТАРЛАР: ЭТНОМӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	18
Жеңіс Жомарт	
ШЫҢҒЫСХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ИСЛАМ... 25	
Жубанышов Б.Т.	
ОҒЫЗ ХАН ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ	31
Несіпбаева Ж.Ж.	
«ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТ» БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ	35
Оразов Р.Е.	
БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ ЖЕТІСУДА.....	41
Рүстемов С.Қ.	
ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНАН (ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басы)	50
Торланбаева К.Ө.	
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ҚАУЫМДАРДАҒЫ САЯСИ БИЛІКТІН ДАМУЫ	64
Шашаев А.К.	
ДАЛАЛЫҚ АУЫЗША ТАРИХНАМАДАҒЫ ӨТЕМІС ҚАЖЫНЫҢ «ШЫҢҒЫСНАМАСЫ».....	71
Шашаев А.К.	
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН НАУҚАНЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАРДАПТАРЫ	79
Шолк Дина	
1991–1995 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ ПЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ САЛАСЫНДАҒЫ СӘТТІ СЕРІКТЕСТІГІ	87

СОДЕРЖАНИЕ

Атыгаев Н.А. ОБ ОДНОЙ СВЕРХИНТЕРЕСНОЙ МИНИАТЮРЕ В РУКОПИСИ СЕФЕВИДСКОГО ПЕРИОДА ИЗ МУЗЕЯ РЕЗА АББАСИ (ИРИ, ТЕГЕРАН)	8
Егизбаева М.К. ТАТАРЫ: СВЕДЕНИЯ О ЭТНОКУЛЬТУРЕ.....	18
Женис Жомарт РЕЛИГИОЗНЫЕ ВЗГЛЯДЫ ЧИНГИСХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ И ИСЛАМ	25
Жубанышов Б.Т. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ И МИФОЛОГИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ЛЕГЕНД ОБ ОГУЗ- ХАНЕ.....	31
Несипбаева Ж.Ж. «НАЦИОНАЛЬНЫЙ АРХИВ» КАК ИСТОЧНИК СОВРЕМЕННОЙ ДИПЛОМАТИИ КАЗАХСТАНА.....	35
Оразов Р.Е. ВОЕННОПЛЕННЫЕ ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ В СЕМИРЕЧЬЕ	41
Рустемов С.К. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИХ ОТНОШЕНИЙ (конец XIX – начало XX вв.)	50
Торланбаева К.О. РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ВЛАСТИ В КОЧЕВЫХ СООБЩЕСТВАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	64
Шашаев А.К. «ЧИНГИС-НАМЕ» УТЕМИШ-ХАДЖИ В СТЕПНОЙ УСТНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	71
Шашаев А.К. ПОСЛЕДСТВИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА В КАЗАХСТАНЕ	79
Шолк Дина УСПЕШНОЕ ПАРТНЕРСТВО США И КАЗАХСТАНА В ОБЛАСТИ ЯДЕРНОГО РАЗОРУЖЕНИЯ В 1991–1995 годах	87

CONTENTS

Atygayev N.A. ON A HIGHLY INTERESTING MINIATURE IN A SAFEVID PERIOD MANUSCRIPT FROM THE REZA ABBASI MUSEUM (IRI, TEHRAN)	8
Yegizbayeva M.K. TATARS: INFORMATION ON ETHNOCULTURE	18
Zhenis Zhomart THE RELIGIOUS VIEWS OF GENGHIS KHAN AND HIS DESCENDANTS AND ISLAM.....	25
Berik T. Zhubanishov HISTORICAL-CULTURAL AND MYTHOLOGICAL CHARACTER OF THE LEGENDS ABOUT OGHUZ KHAN	31
Nessipbayeva Zh. Zh. «NATIONAL ARCHIVES» AS A SOURCE OF THE CONTEMPORARY DIPLOMACY OF KAZAKHSTAN	35
Orazov R.E. PRISONERS OF THE FIRST WORLD WAR IN SEMIRECHYE.....	41
Rustemov S.K. FROM THE HISTORY OF KAZAKH-TURKISH RELATIONS (Late 19th – Early 20th Centuries)	50
Torlanbayeva Kenzhe SAME QUESTIONS OF THE DEVELOPMENT OF POLITICAL POWER IN NOMAD SOCIETY OF CENTRAL ASIA	64
Shashayev A.K. «CHINGIS-NAME» BY UTEMISH HAJI IN STEPPE ORAL HISTORIOGRAPHY	71
Shashayev A.K. CONSEQUENCES OF THE SOVIET-ERA POLITICAL REPRESSION CAMPAIGN IN KAZAKHSTAN	79
Dena Sholk THE U.S. AND KAZAKHSTAN'S SUCCESSFUL DENUCLEARIZATION PARTNERSHIP BETWEEN 1991 AND 1995	87

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2014. 4 (1)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 30.12.2014.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 7,8.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй